

## Ұрпақтар сабақтастығы жалғасын табуда

Халық ақыны, әнші және композитор, қазақ өнерінің әліппесі - Кенен Әзірбаевтың ұлы Бақытжан Кененұлы, келіні Бақытжан Сағынбекқызы, немересі Мұхтар Бақытұлы, Тараздық «Тараз триосы» ән мен жырдың дүдүлі «Кенен Әзірбаевтың 135 жылдығына» орай ауданымызға қонақта болды.

Қонақтарды бүкіл әлемге мақтан тұтатын «Нұх Пайғамбар» кемесі монументінде аудандық маслихаттың хатшысы Көпеев Өріс, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері Жұмашев Құттыбек, Әлімбаев Нұралы ағалар күтіп алып, кеме монументімен таныстырудан бастады.



Таныстырудан кейін қонақтарды Жаңабазар елді мекеніндегі «Ардагерлер үйіне» барып, ақын рухына арнап құран бағышталды. «Ардагерлер үйінде» ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Құралбаев Тәңірберген және ардагер ұстаздар Қалмырзаев Әбдіраман, Жүнісов Балтабай, Бейсеков Сатбай, Шырынбеков Ертаймен және мектеп ұжымы Бақытжан Кененұлымен қонақжай көңіл-күйде әңгімелесті. Сөз басын Бақытжан Кененұлы :

– Аудандарыңыз қонақжай, кең пейілді жандар екен,- дей келе - Кенен атамыздың өміріндегі бастан кешкен ең бір қиын жағдайын айтып өтті. Ол кісі балаларды кеш көрген, екі рет үйленген. Бірінші әйелі Үлпілдек шешемізден Талжібек, Ұлтай атты екі қыз бар. Олардан тараған ұрпақ

бүгінде Алматы облысында өмір сүріп жатыр. Менің анамның аты – Нәсиха. Анама үйленген кезінде әкемнің жасы қырыққа таяп қалған екен. Анам ол кезде бар-жоғы он жеті жаста болған. Екеуі шаңырақ көтергеннен кейін дүниеге келген балалары жастай шетінеп кете беріпті. Ең атақтысы – Базар, Назар деген ағаларым. «Базар-Назардың» тарихын халық жақсы біледі. Базар мен Назардан бөлек, Сағатбек, Болысбек, Әбсәмет деген де балалары болған. Бір ағамызды Тұрар деп те атапты. Бірақ Тұрар да көп тұрақтамапты. Қазіргі үлкеніміз – Төрткен деген әпкеміз. Бала тұрмай қойғаннан кейін, сол әпкеміз дүниеге келгенде көне әдет-ғұрыппен есімін «Төрткемпірбіршал» деп қойыпты. Шешеміз толғатқанда жанында төрт кемпір болыпты. «Қызды болдыңыз, Кенеке» дегенде, әкеміз: «Ораулы баланы анау төрт аруананың аяғының астынан өткізіндер», – депті. Сол кезде үйге бір шал сәлем бере келіп қалады. «Мына ақсақалдың да аяғының астынан өткізіндер. Бұл баланың аты – Төрткемпірбіршал», – деген екен. Әпкеміздің сол аты біразға дейін сақталды. Мектепте «Біздің сыныпта «Төрткемпірбіршал» оқиды» деп қатарластары мазақ ететін көрінеді. 4-сыныпқа барғанда ғана аты Төрткен деп өзгертіліпті,-деп сөзін аяқтады. Дастархан үстінде Бақытжан Кененұлы, келіні Бақытжан Сағынбекқызына да көптеген сұрақтар қойылып, одан тұщымды жауаптар алып, қонақтар өз ризашылықтарын білдірді.



Мұнан кейін іс-шара Кенен Әзірбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектепте жалғасын тапты. Қонақтарды мектеп ұжымы, оқушылар жылы шыраймен қарсы алды. Іс-шарада аудандық маслихат хатшысы Ө.Көпеев аты аңызға айналған, өз заманының рухани ұйытқысы болған Кенен Әзірбаев жөнінде кең көлемде баяндама жасады. Сөз арасында



Жамбыл облыстық 40 жылдық тарихы бар «Тараз триосының» және аудандық мәдениет сарайының көркемөнерпаздарының орындаумен Кенен атаның әндерінен концерттік бағдарлама орындалды.



Сонымен қатар «Кенен атамның отбасы - ортамызда» деген тақырыпта осы мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Ташенова Гүлнаранның ұйымдастыруымен сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатында оқушылар Кенен өлеңдерін жатқа айтып, Бақытжан Кененұлының жылы лебізін тыңдап, батасын алды. Келген қонақтарға аудан әкімдігі және мектеп ұжымы тарапынан естелік сыйлықтар табыс етіліп, көтеріңкі көңіл-күйде шығарып салдық.

**Н.Қамбаров.**  
**Кенен Әзірбаев атындағы жалпы орта**  
**білім беретін мектеп директоры.**